

Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы 2001 жылғы мемлекеттік сыйлықтарын беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 қараша N 1534

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтарын жөніндегі комиссияның ұсынымдарын қарап, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы 2001 жылғы мемлекеттік сыйлықтарын мына авторларға берілсін:

1) 1970-2000 жылдардағы "Қазіргі электрониканың негізгі материалы - кремнийді радиациялық-иондық тәсілдермен түрлендіру жұмыстары циклы үшін:

Физика-техникалық институтының директоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі **Болат Нығметұлы Мұқашевқа;**

Физика-техникалық институтының бас ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының докторы **Хабиболла Абдоллаұлы Абдуллинге;**

Физика-техникалық институтының бас ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор **Юрий Викторович Горелкинскийге;**

Физика-техникалық институтының бас ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор **Игорь Анатольевич Карапатницкийге;**

Физика-техникалық институтының жетекші ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының кандидаты **Сайран Мырзахметұлы Киккаринге;**

Физика-техникалық институтының аға ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының кандидаты **Дәния Махмұтқызы Мұхаметшинаға;**

Физика-техникалық институтының жетекші ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының кандидаты **Марат Фаттыхұлы Тамендаровқа;**

Физика-техникалық институтының жанындағы Аймақтық жұқа үлдірді зерттеу эксперименталдық орталығының атқарушы директоры, физика-математика ғылымдарының докторы **Серікбол Жарылғапұлы Тоқмолдинге;**

2) 1983-2000 жылдардағы "Әлемдік деңгейге сай өнімдерді: ферросиликоалюминий (әлемде алғаш рет) мен таза сортты күкірт қышқылын шығаратын техногендік шикізатты өңдеу жөніндегі технологияларды әзірлеу мен өндіруді ұйымдастыру" жұмыстары циклы үшін:

техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, **Жантөре Нұрланұлы Әбішевке (қайтыс болғаннан кейін);**

Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық орталығының бас директоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі
Әбдірасұл Алдашұлы Жәрменовке;

Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық орталығының Химия-металлургия институты директорының орынбасары, техника ғылымдарының кандидаты Сайлаубай Байсановқа;

Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық орталығы Химия-металлургия институтының бөлім меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты Светлана Ершорақызы Дүйсембаеваға;

Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық орталығының бөлім бастығы, техника ғылымдарының кандидаты Алма Жолдасқызы Терлікбаеваға;

Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық орталығының Химия-металлургия институтының бөлім меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты Манат Жақсыбергенұлы Толымбековке;

Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық орталығы Химия-металлургия институтының директоры, техника ғылымдарының кандидаты Болат Пешатұлы Хасенге;

3) 1974-2000 жылдардағы "Қазақстан Республикасындағы тағамтану жөніндегі ғылымның іргелі және қолданбалы аспектілерін әзірлеу" жұмыстары циклы үшін:

"Қазақстан Республикасының Тағамтану институты" ЖАҚ президенті, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Ресей медицина ғылымдары академиясының және Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Төрегелді Шармановқа ;

Алматы Мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтының кафедра меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Ахмет Алдашевқа;

"Қазақстан Республикасының Тағамтану институты" ЖАҚ бөлім меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Люция Ысқақызы Қаламқароваға;

М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының кафедра меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы және Медицина ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі Раиса Салмағанбетқызы Көзденбаеваға;

Педиатрия және бала хирургиясы ғылыми орталығы директорының орынбасары, медицина ғылымдарының докторы, профессор Әукен Қиясұлы Мәшкеевке;

"Қазақстан Республикасының Тағамтану институты" ЖАҚ вице-президенті, биология ғылымдарының докторы, профессор Юрий Александрович Синявскийге;

"Қазақстан Республикасының Тағамтану институты" ЖАҚ зертхана меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Шәміл Сағынұлы Тәжібаевқа;

"Өскемен титан-магний комбинаты" ААҚ орталық ғылыми-техникалық тәжірибелік

өндірісінің бастығы, техника ғылымдарының кандидаты Александр Иванович Ч и к о д а н о в қ а .

2. Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы 2001 жылғы мемлекеттік сыйлықтарының ақшалай бөлігінің мөлшері 1700000 (бір миллион жеті жүз мың) теңге сомасында айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі республикалық бюджетте ғылымға көзделген қаражаттан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының ақшалай бөлігін төлесін.

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан

Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттарына тапсыру үшін дипломдар мен куәліктерді дайындауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссиясының төрағасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы лауреатының дипломы мен куәлігіне қол қойсын және тапсырсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Жұманазарова А.Б.